

## 8 сынып геометрия 14 – ші сабақ тапсырмалары.

### Параллелограмның ауданы.

**№1.** Параллелограмның ауданы  $40 \text{ см}^2$  – ге, қабырғалары 5 см және 10 см – ге тең. Оның биіктігін табыңыз.

**№2.** Тіктөртбұрыш пен параллелограмның сәйкесінше қабырғалары тең. Осы фигуралардың қайсысының ауданы үлкен болады? Неліктен?


**№3.** Тіктөртбұрыш пен параллелограмның сәйкесінше қабырғалары тең. Параллелограмның ауданы тіктөртбұрыш ауданының жартысына тең болса, параллелограмның сүйір бұрышы қандай болады?

**№4.** Параллелограмның көршілес қабырғалары  $a$  және  $b$ . Параллелограмның ауданы ең үлкен болуы үшін олардың арасындағы бұрыш қандай болуы керек?

**№5.** Квадрат пен ромбының периметрлері тең. Олардың аудандарын салыстырыңыз.

**№6.** Квадрат пен ромбының қабырғалары тең. Ромбының ауданы квадрат ауданының жартысына тең болса, оның сүйір бұрышын табыңыз.

**№7.** 1 – суретті пайдаланып, ромбының ауданы оның диагональдарының көбейтіндісінің жартысына тең болатынын дәлелдеңіз.



1 – сурет

**№8.** Диагональдары 6 см және 8 см болатын ромбының ауданын табыңыз.

**№9.** 2 – суретте кескінделген төртбұрыштардың ауданын табыңыз. Торкөздің қабырғалары 1 – ге тең.



2 – сурет

**№10.** Көршілес қабырғалары 2 см және 5 см болатын параллелограмның ауданы  $5 \text{ см}^2$ . Параллелограмның сүйір бұрышы мен биіктігін анықтаңыз.

**№11.** Параллелограмның ұзындығы 13 см – ге тең диагонали оның ұзындығы 12 см – ге тең қабырғасына перпендикуляр. Параллеограмның ауданын табыңыз.

**№12.** Параллеограмм мен тік төртбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары бірдей. Егер тік төртбұрыштың ауданы параллелограмның ауданынан екі есе үлкен болса, онда параллелограмның сүйір бұрышын анықтаңыз.

maxmath.kz